

"Петропавл қаласының бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Петропавл қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 9 шілдедегі № 974 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 8 сәуірдегі № 478 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 9 сәуірде № 5329 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 19 мамырдағы № 743 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 19.05.2021 № 743 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабы 7), 8) тармақтарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 – бабына сәйкес Петропавл қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Петропавл қаласының бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Петропавл қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 9 шілдедегі № 974 қаулысына (2018 жылғы 20 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4836 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1, 2 - қосымшалар осы қаулының 1, 2 - қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Петропавл қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімінің міндетін
атқарушы*

Қ. Фалеев

Петропавл қаласы әкімдігінің 2019 жылғы
"08" 04 № 478 қаулысына 1-қосымша

Петропавл қаласы бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленген ұйымдар тізімі

№ р/с	Ұйым атауы	Қызметкерлердің жыл басындағы тізімдік саны (адам)	Квота мөлшері (қызметкерлердің тізімдік санынан алғандағы пайызы)	Жұмыс орындарының саны (бірлік)
1		2	3	4
1	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің "Еңбек" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Еңбек-Қызылжар" филиалы	57	2%	1

Петропавл қаласы әкімдігінің 2019 жылғы "08" 04 № 478 қаулысына 2-қосымша

Петропавл қаласы бойынша пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгіленген ұйымдар тізімі

№ р/с	Ұйым атауы	Қызметкерлердің жыл басындағы тізімдік саны (адам)	Квота мөлшері (қызметкерлердің тізімдік санынан алғандағы пайызы)	Жұмыс орындарының саны (бірлік)
1		2	3	4
1	"Петропавловскспецкоммунстрой" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	101	1%	1
2	"Основание" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	249	0,5%	1
3	"Зерттеу СК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	76	1%	1
4	"Стройкомпания" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	101	1%	1
5	"Севимсталькон" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	99	1%	1
6	"Сұлтан кондитерлік бұйымдары" акционерлік қоғамы	218	0,5%	1
7	"Құрылыс Сервис-СК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	45	3%	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК